

2009 жылы шақыру учаскесіне 1992 жылы туған еркек жынысты азаматтарын тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы Әкімінің 2009 жылғы 22 қаңтардағы № 1 шешімі.
Қостанай облысы Қостанай қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 2 ақпанда тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1 тармағы, 13-тармақшасының 33-бабына сәйкес және "Әскери міндеттілік пен әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 3-тармағының негізінде **ШЕШТІ:**

1. 2009 жылдың қаңтар-наурызында тіркеу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын Қостанай қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының шақыру учаскесіне әскери есепке алу, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін және денсаулық жағдайын анықтау, жалпы білімдік деңгейі мен мамандығын белгілеу және дене даярлығының деңгейін анықтау, әскерге шақырушыларды алдын-ала белгілеу, әскери-техникалық мамандықтар бойынша дайындау және әскери оқу орындарына түсу үшін үміткерлерді іріктеу мақсатында тұрғылықты жері бойынша тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Қостанай облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) әскери жасына дейінгі азаматтарды медициналық куәландыру үшін тәжірибелі дәрігер-мамандар, сондай-ақ орта медициналық жұмыскерлер жіберсін;

2) әскер жасына дейінгі азаматтар үшін алдын-ала тексеруді қамтамасыз етсін;

3) қалалық медициналық комиссиясының дәрігер-мамандарының жолдамасы бойынша әскер жасына дейінгі азаматтар үшін емдеу-сауықтыру мекемелерінде кезектен тыс қосымша тексеруді қамтамасыз етсін;

3. "Қостанай қаласы әкімиятының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы:

2009 жылдың қаңтар-наурызындағы тіркеуді ұйымдастыру және өткізумен байланысты іс-шаралардың қаржыландыруын "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының шығыстар сметасында көзделген ассигнованиялары есебінен қамтамсыз етсін.

4. Осы шешім ресми түрде жарияланған он күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін қолданысқа енеді және 2009 жылдың 9 қаңтар айынан бастап пайда болған іс-әрекеттерге таратылады.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары М.К. Жүндібаевқа жүктелсін.

<i>міндеттерін атқарушы</i>	<i>Қ о с т а н а й</i>	<i>қ а л а с ы</i>	<i>ә к і м і н і ң</i>
<i>Акимат мүшелері</i>	<i>Б. Жақыпов</i>		
КЕЛІСІЛГЕН			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК